

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беру факультеті

«Жалпы дәрігерлік практика №2» кафедрасы

№8 тәрбие жұмысының хаттамасынан көшірме

01.03.2025ж

Қатысқандар: кафедра меңгерушісі, м.ғ.д. А.Дауреханов, А.Абдувалиев, А.Жаксыбергенов, Т.Ануарбек, Т.Орманов, Р.Пернебекова, К.Ботаева, Н.Тугегенова, Д.Дильбарханова, А.Тугемирзаева, С.Нысантаева, К.Дарипбекова, Т.Джубанишбаева, Г.Жолдыбаева, ОМ 31-24 тобының интерндері

КҮН ТӘРТІБІ:

«Сапалы білім» бағыты бойынша ОМ-31-24 тобы интерндерімен кітапханада «Медицинадағы жасанды интеллектінің орны» тақырыбында іс-шара өткізу

Жауапты: Г.Жолдыбаева

Күн тәртібінің мәселесі бойынша Университеттің ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНЫҢ төртінші мақсаты – «Сапалы білім» бағыты бойынша оқытушы Г.Жолдыбаева ОМ-31-24 тобының интерндерімен 09.04.2025ж. Әл-Фараби атындағы кітапханада «Медицинадағы жасанды интеллектінің орны» тақырыбында іс-шара өткізді.

Г.Жолдыбаева: «Сапалы білім» мақсатының негізгі міндеті - білім алу мүмкіндігін барлық адамдарға, әсіресе, осал топтарға, тең дәрежеде қамтамасыз ету. Бастауыш, орта және жоғары білімді, сондай-ақ техникалық және кәсіби білім беруді қолдау. Сондықтан әрбір азамат білім алуға, оны ғылыммен ұштастыруға, дамытуға құқылы және оған барлық жағдайлар жасалған. Алдымен қысқаша кітапханаға тоқтала кетсек - Әл Фараби кітапханасы ғылыми әмбебап кітапхана. Жалпы кітап қоры — 420 949, сирек кітаптар бөлімінің қоры - 4000 дананы құрайды. Әл-Фараби кітапханасы — Орта Азиядағы жоғары оқу орындары арасындағы ең үлкен кітап қорына ие мекеме. Әл-Фараби кітапханасы өте ауқымды және келушілер саны да өте жоғары. Бүгінгі іс-шараның басты мақсаты – жасанды интеллектті (ЖИ) медицинаның әртүрлі салаларында қолдану мүмкіндіктерін, атап айтқанда диагностика, реабилитация, басқару және жеке тәсілді емдеуде пайдалану перспективаларын қарастыру. Интерндер болашақ медицинаны және жасанды интеллектінің медицинадағы рөлін талқылады.

Интерн Дадашева Навруза: Әл-Фараби кітапханасы тек қана кітапхана емес, сондай-ақ қазіргі заманғы мәдени демалыс орталығы болып табылады. Мұнда бізге көрме холлдары, мұражай, үкімет бағдарламалары аясында ұйымдастырылатын конференция залдары, экспозициялар, оқу кабинеттері мен тақырыптық бөлмелер ұсынылады. Коверкинг-залдары, Абай залы, ғалымдар Клубы және әлемнің кітап бұрышын көргенде дөңгелек үстел, семинар, тренинг өткізуге ықыласымыз артады.

Интерндер кітапханаға келушілер арасында сұрақ-жауап жүргізді және барлық қатысушыларға тақырыпқа қызығушылық танытқандары үшін алғыс білдіріп, болашақ дәрігерлерді цифрлық денсаулық сақтау жағдайында жұмыс істеуге дайындаудың маңыздылығын атап өтті.

Шешім: Университеттің ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНЫҢ төртінші мақсаты – «Сапалы білім» бағыты бойынша өткізілген іс-шара назарға алынсын.













Кафедра меңгерушісі

А.Дауреханов

Оқытушы

Г.Жолдыбаева